*Государство и религия*

# КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ СВЕТСКОСТИ КАК ОДНА ИЗ ОСНОВ МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ В КАЗАХСТАНЕ

**Ни для кого не секрет, что в Казахстане на протяжении становления независимости республики была сформирована модель межнационального и межконфессионального согласия, основанная в первую очередь на светскости нашего государства и толерантном отношении к любой религии, не запрещённой на территории страны. Вне зависимости от национальности и вероисповедания люди поздравляют друг друга с Курбан Айтом и Рождеством Христовым, с Наурызом и Пасхой, давно не исключение межнациональные браки и дружба, для которой неважно, что написано в графе "национальность".**

Светский характер нашего государства является основополагающей характеристикой межконфессиональных отношений. Основой казахстанской модели светскости является свобода совести, равенство религиозных верований, нейтральность политической власти по отношению к религиозным конфессиям, уважительное отношение к личным убеждениям каждого, независимо от языка и отношения к религии.

Одним из ключевых составляющих дальнейшего демократического и правового развития нашей страны являются права человека на свободу вероисповедания.

Подтверждением вышесказанному является тот факт, что в Казахстане в настоящее время в мире и согласии проживают представители более 130 этнических и 18 конфессиональных групп. Казахстанский опыт в сфере межконфессионального согласия во многом уникален. В республике представлен широкий спектр религиозных объединений: от традиционных религиозных объединений до новых, ранее не представленных в стране, вероучений. Несмотря на многообразие различных взглядов, традиций и культур, Казахстан остается государством, где нет конфликтов на религиозной почве.

Республика Казахстан не допускает политизации религии, но одновременно не ставит препятствий развитию религиозных объединений и конфессий, не мешает верующим удовлетворять религиозные потребности, органы власти не вмешиваются во внутренние, канонические вопросы конфессий и религиозных объединений. При этом государство следит за соблюдением законов всеми религиозными объединениями. Государство выступает своего рода беспристрастным арбитром, который в то же время уважает свободу совести и право верить или не верить во Всевышнего; полагаться на научное мировоззрение и на свои силы или верить в потусторонние силы. Это конституционное право каждого гражданина, в основе которого лежит свобода совести. Под свободой совести, как известно, мы понимаем право или свободу человека самостоятельно




формировать свои убеждения, в том числе и религиозные, не причиняя ущерба свободе других людей и общества в целом.

В настоящее время, на основе фундаментальных положений Конституции, действует Закон РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», принятый в 2011 году, который является правовым механизмом реализации гражданами права на свободу совести, закрепленного в Основном законе, международных актах и Соглашениях о правах человека.

Как видно из описания казахстанской модели межконфессионального согласия, система межконфессиональных отношений в Казахстане в целом достаточно стабильна, но, вместе с тем, эту стабильность надо сохранять, необходимо сознательно ее поддерживать, так как идущие в стране и в мире процессы не всегда способствуют сохранению стабильности; очень многие из этих процессов, напротив, имеют дестабилизирующее влияние.

Важно отметить, что с возрастанием роли религии, появились негативные аспекты религиозной жизни части населения. В частности, в стране увеличилось число граждан, противопоставляющих себя сложившимся устоям в светском обществе, национальным традициям и культуре. Возникли нетрадиционные религиозные течения, у некоторой части верующего населения стали проявляться крайние формы агрессии и религиозного радикализма, что в совокупности стало фактором угрозы для безопасности и стабильности страны, ее граждан.

Противодействие и профилактика религиозного экстремизма в Казахстане являются одним из приоритетных направлений государственной политики. В рамках противодействия религиозному экстремизму и терроризму проделывается большая работа. Так, например, были приняты специальные законы против экстремизма и терроризма, утверждены государственные программы «По противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 и 2018-2022 годы».

В рамках Закона Республики Казахстан «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» упорядочена деятельность религиозных объединений, определен порядок осуществления миссионерской деятельности, проведения религиозных мероприятий, религиоведческой экспертизы, строительства культовых сооружений, распространения религиозной литературы. При этом, закон не ограничивает права религиозных объединений на распространение вероучения, а регулирует исключительно механизм работы миссионеров. Зарегистрированным в Казахстане религиозным объединениям созданы все условия для приглашения зарубежных миссионеров для работы в страну и их религиозной деятельности.

Система взаимоотношений позволяет религиозным объединениям принимать участие в различных сферах жизни общества, тем самым открывая предпосылки для гармоничного сочетания светских и религиозных правовых принципов.

В городе Приозерск на паритетной основе ведут свою деятельность три общественные организации: азербайджанская этно-культурное общественное объединение «Арзу», этно-культурное общественное объединение славянских народов «Исток», центр по развитию обычаев, традиций и культуры казахского народа «Атамура».

**Н.М. Струментова,**
**Руководитель отдела экономики и финансов города Приозерск,**
**член ИРГ**

# ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗБЕК БИ АТАНУЫ

*Қазыбек бидің туғанына 355 жыл*



Ұшқан құстың қанатын талдырып, шапқан тұлпардың тұяғын жұқартқан Сарыарқаның ғланы, Қазақ ұлтының алып тұлғасының бірі һәм бірегейі, «біздің жерлесіміз» деп мақтануға тұралық Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының 17-18 ғасырда өмір сүрген үш бинің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері. Приозерск қаласында тұратын жас жеткіншектеріміз баба тарихын біліп жүрсін деген мақсатпен, бабамыздың өмірінен біз үздік оқиғаны газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік.

Қазыбек би 1667-жылы Сырдария өзенінің бойында туған. Орта жүздің арғын тайпасы, оның ішінде қаракесек руынан шыққан. Табиғатынан зерек, алғыр бала білімді ортада кемелденген. Естігенін, көргенін зердесіне токып, шешендік қабілеті де ерте ашылған. Сол арқылы айналасындағыларды еріксіз елең еткізген. 17 ғасырдың 80-жылдары Қазыбектің есімі кеңінен тарай бастады. Уақыт өте келе Қазыбек би қазақ хандығының өміріне, ішкі-сыртқы саясатын анықтауға, қоғамның бейбіт дамуын қамтамасыз етуге зор ықпал етті. Тәуке хан тұсында «Жеті жарғыны» түзуге атсалысты. Төле би, Әйтеке би үшеуі «Жеті жарғыны» жазып, сол арқылы ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы даудамай, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жауларды шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі секілді мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Бұрынғы қазақ пен қалмақ жауыңгер кезде, Абылай хан бірнеше батырларды ертіп Сырдария жақтағы халқын аралап кеткенде, Шыңбай деген дұшпан астыртын келіп, Абылайдың елін шабуға қолайлы екенін, қалмақтың белгілі көсемі, шешен Қонташы ханға келіп айтқан. Сонан кейін Қонташы хан екі жүз жортушы жіберіп, Абылайдың елін шапқан. Абылай хан еліне қайтып келіп, қол астындағы халқын жинап, кеңес қылады. Кеңесте Абылай көпке қарап:

–Қалмақтың атышулы көсемі, шешені Қонташы ханмен арбасуға, қайымдасу, қарсыласуға кімде кім «мен» деп көп ішінде батыршылық етіп, қол көтерсе, сол барсын,- дейді. Бірақ та бұл сөзге ешкім белсене шыға қоймайды. «Мен барамын», - деп ешкім шықпаған соң, хан Абылай ашуланып: «Қалмақ қазақтың басын кесе ме, неге үндемейсіздер?» - дейді. Сол уақытта Айдабол бидің баласы Тайкелтір мен Малайсары батыр:

-Біз барамыз, - дейді.

Хан Абылай:

-Алдарынан ай, арттарынан күн туып, жолдарың болсын! - дейді. Ат-тұрман, куржарақтарын даярлап, жақсы-жақсы батырларын жүз елу кісі қосып, жөнелткелі жатқанын жетпіс бестегі қаракесек Келдібек би естіп, он алты жастағы асық ойнап жүрген баласы жас Қазыбекті шақыртып алып:

-Балам, кімнің ұлысың? - дейді.

Қазыбек жұлып алғандай:

-Атым - Қазыбек, әкем - Келдібек, руым-қаракесек, - дейді.

Келдібек би баласына сүйсініп:

-Олай болса, балам, атақ алғың келе ме?

Қазыбек:

-Ата, жақсының атын ерттеп, жатқа жақын болайын деп едім, - дейді.

Келдібек би баласына көңілі толып, азық-түлік, ат-тұрманын даярлатып, елу ақбоз атқа мінгізіп, елу жортуылшымен баласына:

-Жолың болсын, балам! Абылайдың алдына атыңның басын бұрмастан бар,- дейді. Қазыбек атының басын бұрмастан Абылайға барады. Хан Абылай танымай:

-Қай ұлсың? - дейді.

Қазыбек:

-Тай бәйгесін қанағат қылмай, ірі ат бәйгесін іздеп жүрген Келдібек бидың ұлымын,-дейді.

Хан Абылай баланың жауабына сүйсініп:

-Балам, жолың болып, жолдасың Қыдыр болсын! - деп бетін сипайды. Бастығы Тайкелтір болып үш жүз адам, осының ішінде бұғанасы қатпаған он алты жастағы жас Қазыбек болып үш жүз жортуылшы Қонташы ханның ордасына келіп, сыртынан сөз алады. Қонташы хан екі-үш күннен соң өзінің ордасына алғызып:

-Айтатын датың, шағатын мұның не? - деп сұрайды. Сол уақытта Тайкелтір батыр орнынан түрегеп:

-Өгізді өлеңге байладық,

Өзімізді төменге байладық.

Ақ қылсаң да, қара қылсаң да, ерік өзіңе,

Өзіңізге қарадық, ұнамаса тарадық,- дейді.

Бұл сөзге қарсылық болмаған соң Қонташы хан:

-Бүрсүгіні шалшы түске дейін хабар жауап болар, егер хабар жауап болмаса, бастарың аманында елдеріңді тап! - дейді.

Сол уақытта аяқ жақта отырған жас Қазыбек:

-Дат, тақсыр, - дейді. Қонташы хан:

-Сөйле, - дейді.

Қазыбек:

-Мен - көмір,
Сен - темір,
Ерiткелі келгенмін.
Екі елдің арасын
Теліткелі келгенмін.
Сөз бермейтін шешенді
Кеміткелі келгенмін.
Қуатты сары жалынмын
Жабысқалы келгенмін.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Шабысқалы келгенмін.
Танымайтын жаттарға
Танысқалы келгенмін.
Танысуға келмесең,
Сен тұратын жеріңді айт.
Сен-қабылан, мен-арыстан,
Алысуға келгенмін, - дейді.

Сол уақытта Қонташы хан отырған орнынан түрегеліп, қол құсырып:

-Сен кімсің? - дейді.

Қазыбек:

-Танымасаң, каракесек Келдібек бидің баласымын, - дейді.

-Ендеше, балам, сенің дауысың қаз даусындай екен. Атың – қаз дауысты Қазыбек болсын, - дейді.

Сөйтіп, Қазыбек жауға түскен малдары мен адамдарын алып қайтып, осы сапардан қаз дауысты Қазыбек атанып қайтқан екен.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**